

Кейбір нормативтік құқықтық актілерге банк қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 21 қарашадағы № 222 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 29 желтоқсанда № 10032 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 30 мамырдағы № 147 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.05.2016 № 147 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ**
Е Т Е Д І :

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Кейбір нормативтік құқықтық актілерге банктік қызметті реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 6 мамырдағы № 79 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9530 тіркелген, 2014 жылғы 30 маусымда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2014 жылғы 14 тамызда «Заң газеті» газетінде № 120 (2514) жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1 - т а р м а қ т а :

сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«1-1. «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында немесе 52-5-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген банк операцияларын жүзеге асыруға лицензиясы бар банктің меншікті капиталының ең аз мөлшері мынадай тәртіппен белгіленеді: » ;

он төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«банктің меншікті капиталының нақты мөлшері:»;

мынадай мазмұндағы он бесінші және он алтыншы абзацтармен толықтырылсын:

«2014 жылғы 1 қаңтарда меншікті капиталының мөлшері 5 000 000 000 (бес

миллиард) теңгеден кем болған банктер үшін 5 000 000 000 (бес миллиард) теңгеден аз емес ; басқа банктер үшін 10 000 000 000 (он миллиард) теңгеден аз емес болғанда;» ;

он бесінші және он алтыншы абзацтар мынадай редакцияда жазылсын: «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызмет туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында немесе 52-5-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген банк операцияларын жүзеге асыруға байланысты міндеттемелердің мөлшері қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) белгілеген лимиттерден аспайды.

1-2. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында немесе 52-5-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген банк операцияларын жүзеге асыруға лицензиясы жоқ банктің меншікті капиталының ең аз мөлшері 10 000 000 000 (он миллиард) теңге мөлшерінде белгіленеді.»;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын: «6. Осы қаулы мыналарды:

осы қаулының 2014 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін 1-тармағының отыз сегізінші – елу үшінші абзацтарын, осы қаулының 2-тармағының он бірінші – жиырма тоғызыншы абзацтарын;

осы қаулының 2014 жылғы 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізілетін 1-тармағының отыз төртінші – отыз жетінші абзацтарын, елу төртінші – алпыс бесінші абзацтарын, осы қаулының 2-тармағының қырық бірінші – елу үшінші абзацтарын ;

осы қаулының 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-тармағының үшінші – он тоғызыншы абзацтарын, алпыс алтыншы – жетпіс бірінші абзацтарын, осы қаулының 2-тармағының елу төртінші – елу тоғызыншы абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Осы қаулының 1-тармағының отыз екінші және отыз үшінші абзацтары 2013 жылғы 28 тамыз - 2014 жылғы 30 қыркүйек аралығында туындаған қатынастарға қолданылады . » .

2. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2015 № 222 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Төрағасы

Қ. Келімбетов

Ұ л т т ы қ

Б а н к

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК